# ЦИКЛОГРАММА

*Бірінші апта ( 2-6 мамыр 2022 ж.)*

**ЖСШ «Аслан –Али» «Еркемай» балабақшасы «Жұлдыздар» ересек тобы.**

**Өтпелі тақырып: ««Әрқашан күн сөнбесін»**

**Тақырыпша «Достық – біздің тірегіміз (халықтар достығы)»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | Таңертеңгілік шеңбер «Арайлап таң атты, Қайырлы күн!» Ертеңгілік жаттығу. | «Көлікті ата!» Көліктің атауын атау, жеңіл және жүк көліктерді ажырата білуге үйрету. | «Күн мен жаңбыр» балалар күн дегенде қолдарынжоғары көтеріп,алақандарын ашады, Жаңбыр жауды дегенде отырып, еденге саусақтарын тықылдатады. | «Ненің баласы?» балалардың үлкен,кіші ұғымдарын бекіту. Жаб айы және үй жануарларды ажырату. | «Балапандарды тамақтандыру» «Шөжелерім» әнін тыңдата отырып, қимылмен балапандарға жем шашуды үйрету. |
| Таңертеңгі гимнастика (10-15 мин) | **Жаттығулар кешені:**<br>І.Бір сапқа тұрып,бір-бірінің артынан жүру,аяқтың ұшымен жүгіру,адымдап жүру,өкшемен жүру.бір қатармен жүріп келіп 3 қатарға тұру.<br>**ІІ-Негізгі бөлім**<br>***1.Б.қ.к аяқ алшақ,қол белде***<br>1.басты оңға қозғалту 2.б.қ.келу,3.солға қозғалту 4.б.қ.келу( 5-6 рет)<br>***2.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде***<br>1.қолды алдыға созу 2 жоғарыға көтеру.3.жанына түсіру 4.б.қ.келу (5-6 рет)<br>***3.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде***<br>1.қолды созу 2.отыру.3.тұру,4.б.қ. келу (5-6 рет)<br>***4.Б.қ.к аяқ алшақ,қол белде.***<br>1.алға қарай еңкею 2.тұру.3.б.қ.келу (5-6 рет)<br>***5.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде***<br>1.қолды алға созу.2 айқастыру( қайшы сияқты ) 3.б.қ.келу (5-6 рет)<br>**ІІІ-Қорытынды**<br>3 қатардан 1-қатарға келу,жүру,жүгіру,тыныс алу жаттығуларын жасау. | | | | |
| Таңғы ас | Алтын ақыл: Ас үстінде көп сөйлеп, көп күлмеу т.б<br>Тамақ ішер кезде енді.<br>Сөйле мейміз күлмей міз.<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз , білмейміз. | | | | |
| Ойындар, | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»<br>**Мақсаты:** Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру. | Қайсысы қайда тіршілік етеді<br>**Мақсаты:** жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту. | «Үй жануарлары»<br>**Мақсаты**: Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттер, оларды қорғауға камқоршы болуға тәрбиелеу. | «Біздің көңіл күйіміз»<br>**Мақсаты:** Балаларды сурет бойынша бет әлпеті ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл-күйді бейнелейтін сөздерді дұрысайтқызу. Оны өздері сала білу. | **«Көп және біреу»**<br>**Мақсаты:** Көп және біреу қатынастарын білуге үйрету. Заттардын тең, тең еместіктарын салыстыру. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **Денешынықтыру**<br>**Мақсаты:** Допты бір қолмен, қолды ақырын қимылдатып еденге ұру және допты соғу күшін реттеуге үйрету. Табанды толық баспай аяқтың ұшымен итерілу арқылы бір орында секіру қабілетін нығайту. Орындық үстімен жүруге жаттықтырамыз, өз қимылдарын өзге балалардың қимылымен үйлестіріп жасау қабілетін жетілдіреміз. Педагогтің айтқандарын тыңдау, оның көрсеткендеріне мұқият ден қоюға үйрету, өз қимылдарын өзге балалармен үйлестіріп жасауға, қозғалыстың ізбе-ізділігін сақтауға қабілетін нығайту.<br>**Сабақ барысы:**<br>1. Баяу қарқынмен жүру және жүгіру.<br>2.Ж.Д.Ж.<br>3.Негізгі жаттығу.<br>- Орындық үстімен жүруге жаттықтырамыз<br>- Табанды толық баспай | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Көлбеу баспалдақ бойымен (гимнастикалық қабырғаның 3 кермесіне орнатылған) кермелерді қолмен ұстап, аяқ пен қолдың қимылын үйлестіре отырып өрмелеуге, гимнастикалық қабырғаға өтіп, жерге түсуге үйрету. Қол саусақтарын еркін қимылдатып допты еденге ұру қабілетін нығайту, допты саусақтарды бүкпей және алақанды қыспай ұру қабілетін нығайту<br>**Сабақ барысы:**<br>1. Жұптасып ырғақпен және жеңіл жүру мен жүгіру.<br>2.ЖДЖ<br>3. Негізгі жаттығулар<br>- гимнастикалық қабырғаға өтіп, жерге түсуге үйрету<br>- допты еденге ұру қабілетін нығайту<br>4.Қ.О: № Тышқан аулаушы»<br>5.Қорытындылау<br>**Құрастыру.** | **Қарапайым Математикалық Ұғымдарды Қалыптастыру.**<br>**Мақсаты:**<br>математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету;<br>• цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету;<br>•оқиғаның ретін анықтауға үйрету;<br>**Сабақ барысы:**<br>1.Жұмбақ жасыру.<br>2. теңдік пен теңсіздік ұғымдарымен танысу.<br>№21«Не өзгерді»<br>Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.<br>4.Сергіту сәті.<br>5.Қорытындылау<br>**Музыка**<br>**Мақсаты:** Балаларға біздің көп ұлтты мемлекет екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы, көңіл күйді көтеруге тарту. | **Денешынықтыру.**<br>**Мақсаты:** Дұрыс бастапқы қалыпты сақтай отырып, әр түрлі орналастырылған кегельдерге допты лақтыруға үйрету. Бағытты өзгерте отырып және заттарға тиіп кетпей заттардың арасымен жүгіру білігін бекіту, майтабан профилактикасы, табан күмбезін нығайту. Епілікті, жалпы төзімділікті, статикалық тепе-теңдікті сақтау білігін дамыту. Дүниеге оң көзқарасын, мейірімділікті қалыптастыруға ықпал ету<br>**Сабақ барысы:**<br>1. Түрлі қарқында музыкалық сүйемелдеуге сәйкес ырғақты жүру<br>2. ЖДЖ<br>3. Негізгі жаттығулар<br>- әр түрлі орналастырылған кегельдерге допты | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Мақсаты:** Өз ойларын жеткізе білу дағдыларын дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды шығармашылық жұмысқа ынталандыру, сюжетті дамыта келе, жай және күрделі сөйлемдерді қолдана отырып, ойлау деңгейлерін арттыру, құрылыс құралдарын ажыратуға үйрету.<br>ә) Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру біліктерін дамытуды жалғастыру, ауызша сөйлеуін дамыту.<br>б) Бір-біріне көмектесе білуге, ауызбіршілікке, еңбектенуге тәрбиелеу<br><br>**Сабақ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері<br>2. Біз бәріміз - біртұтас әлем екенімізді түсіндіру.<br>3.Сергіту сәті |

Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтың ұшымен итерілу арқылы бір орында секіру<br>4.Қ.О. 1.5. «Ұшақтар»<br>5.Қортынды<br>**Жаратылыстану**<br>**Мақсаты:** Жансыз табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Есте сақтау қабілетін логикалық пайымдауы,мен шығармашылық қиялын дамыту. Танымдылық белсенділікті тәрбиелеу.<br>Сабақ барысы:<br>1.Шаттық шеңбері.<br>2. Жансыз табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту видео<br>3.Сергіту сәті.<br>4.Қорытынды.<br>**Музыка**<br>**Мақсаты:** Балаларға біздің көп ұлтты мемлекет екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы, көңіл күйді көтеруге тарту.<br>**Сабақ барысы:**<br>1.Ән тыңдау: «Сарбаздар сазы» (Қ. Ілиясов)<br>2.Ән айту: «Ел қорғауға әзірміз»(К. Қуатбаев, М. Әлімбаев)<br>3.Музыкалық ырғақты қимыл: «Катюша»биі<br>4.Аспапта ойнау: «Солдат болам мен ертең» | **Мақсаты**: Құрылыс материалдарының негізгі бөліктерін, олардың бөлшектерін атауға, олардың көлемі, түсі бойынша ажырата білуге үйрету, ұжымдық жұмыс жасай білуге үйрету.<br>**Сабақ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбер<br>2.Сұрақ жауап<br>3. «калдық материалдар» түрімен таныстыру<br>4. Д.О. № 3.21 «Тез жауап бер»<br>5.Сергіту сәті.<br>6.Қорытынды | **Сабақ барысы:**<br>1.Ән тыңдау: «Сарбаздар сазы» (Қ. Ілиясов)<br>2.Ән айту: «Ел қорғауға әзірміз»(К. Қуатбаев, М. Әлімбаев)<br>3.Музыкалық ырғақты қимыл: «Катюша»биі<br>4.Аспапта ойнау: «Солдат болам мен ертең» | лақтыруға үйрету<br>4.Қ.О. № 1.9 «Тышқан аулаушы»<br>5.Қорытынды<br>Көркем әдебиет<br>Мақсаты: «Бұл қайкезде болады ?» өлеңімен таныстыру. Жылдың төрт мезгіліндегі құбылысты салыстыру және айыра білуге баулу. Сурет арқылы шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.<br>**Мүсіндеу**<br>**Мақсаты:**<br>Ойыншықтарды елестету арқылы мүсіндеуге жаттықтыру. Қол арба туралы мағлұмат беру; қол арбаны мүсіндеу техникасын меңгерту; ермексазды алақан арасына салып домалату,домалақ ермексаздың ішін шұңғырлау, іші-сыртын саусақпен тегістейтінін естеріне түсіру. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелу<br>**Сабақтың барысы.**<br>1. Шаттық шеңбері.<br>2. Қол арба туралы мағлұмат беру<br>3. түлкіні бейнелеуді үйрену;<br>4.Сергіту сәті.<br>5.Қорытынды | 4. Қорытындылау.<br>**Сурет салу**<br>**Мақсаты:** Балалардың эстетикалық талғамын бейнелеу дағдыларын, білімдерін қалыптастыру. Қоршаған ортадағы әсемділікті қабылдауға үйрету.<br>Балаларға сурет салуды үйретуді жалғастыру,пішіндерді атап, ажырата білуге , есте сақтау қабілетін дамыту, түстерді атай білуге үйрету, достыққа тәрбиелеу, жоғарыдан төмен қарай сызу арқылы сурет салу, қылқаламмен жұмыс жасауды үйрету, көрсету , әдемілікке, ідептілікке тәрбиелеу.<br>**Сабақ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбер<br>2.Жұмбақ жасыру<br>3.Балалармен шағын әңгіме жүргізу<br>4. пішіндерді атап, ажырата білут<br>5.Сергіту сәті.<br>6. Д.О.№ 4.15 «Қоян»<br>Балаларды әннің сөздеріне байланысты қимыл қозғалыстар жасауға үйрету.<br>7.Қорытындылау. |

Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен:** | **«Желді бақылау»**<br>Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту.<br>Қимылды ойын<br>**«Қақпақ пен таяқ».**<br>Еңбек іс-әрекеті<br>**Қажеттілік бойынша жұмыс**<br>Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды,өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету.<br>Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойын.<br>Тәжірибе мен сараптама<br>**«Жақсы,жаман»**<br>Табиғатта болып жатқан құбылыстардың жақсы және қарама-қайшы тұстарын көре білуге үйрету.<br>Өлі табиғат пен тірі табиғаттың бір-бірімен байланысын;ойлау | **«Күнді бақылау»**<br>Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсың). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту.<br>Қимылды ойын<br>**«Күн мен бұлт»**<br>Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады.<br>Еңбек әрекеті<br>**Гүл тұқымын топыраққа егу.**<br>Балаларға жұмыстың қарапайым,оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойындар.**<br>Тәжірибе мен сараптама<br><u>Тапсырма 1.</u> Ауладан күнге қызған затты табу. Оның неден жасалғанын айту.<br><u>Қорытынды.</u> Алдымен темір заттар қызады.<br><u>Тапсырма 2.</u> Қай зат тез ысиды?<br><u>Қорытынды.</u> Ақшылға қарағанда қара заттар тез ысиды.<br><u>Тапсырма 3.</u> Ағаштың | **«Ауа райын бақылау»**<br>Көктемгі ауа райы өте құбылмалы,бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды.Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып,күн сәулесін мол шашады.Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады.Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білуге үйрету. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білуді жалғастыру. Балалардың байқампаздығын,табиғат пен қарым-қатынасын дамыту.<br>**Қимылды ойын**<br>**«Қасқыр мен лақтар»**<br>Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру(лақтар алаңда жүгіреді);жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді.Ойын шартын бұзбау,ұсталғандары шетке шығады. Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту.<br>**Еңбек іс-әрекеті**<br>Топырақты тұқым салуға дайындау.<br>Еңбектенуге деген қабілетін дамыту,бастаған ісін аяқтау,үлкендерге көмектесу.<br>**Дидактикалық ойындар.**Тәжірибе мен сараптама<br>**«Ауа райын сипатта!»** | **«Аспанды бақылау»**<br>Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан- сұр,ал қазір -көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету.<br>Қимылды ойын<br>**«Қазым,қазым қаңқылда!»**<br>Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару.<br>Еңбек іс-әрекеті<br>**Тұқымды қарашірікке отырғызу.**<br>Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу.<br>Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойындар.<br>Тәжірибе мен сараптама<br>**«Көктемге арнап бояу табайық»**<br>Балалардың жыл мезгілі туралы білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуді дамыту. | **«Бұлттарды бақылау»**<br>Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола бастайды. Ауа райының жылуына байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса,бұлттар да соншa көбейе түседі. Олар қысты күндегідей аспанды толық баспайды. Тек шоғырланып жүреді. Осы бұлттар ұлпа мақтадай түрлі пішінде тегіс негізде болады.<br>Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту.<br>Қимылды ойын<br>**«Кілттер»**<br>Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын ауыстырады. Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.<br>Еңбек іс-әрекеті<br>Ауладағы қарды тазалау. Күрекпен жұмыс істей білу, қарды үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын |

Scanned by TapScanner
Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін,сөздік қорын дамыту.(Балаларға желдің әсерінен болған жағымды-жағымсыз жағдайды айта білуді ұсыну).<br>Тапсырма. «Бұлттардың қозғалысына байланысты жел күшін анықтау».<br>Өзіндік іс-әрекет<br>Көңілді тыныш сәтті қолдауды қарастырып, өзіндік жұмысты мадақтау | көлеңке жағымен күн түсетін тұсын ұстап көру.<br>Қорытынды. Күн түскен жақ жылы, ал көлеңке жағы суық.<br>**Өзіндік іс-әрекет**<br>Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға жағдай туғызу | Балалардың ауа райына байланысты сөзді таңдап алуды үйрету. (жылы, ашық, суық, құрғақ,желді, жаңбырлы, тұманды)<br>**Өзіндік іс-әрекет**<br>Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру,өз ойын іске асыру | Өзіндік іс-әрекет<br>Дәлізде ойынға,оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райының жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру. | қалыптастыру<br>Дидактикалық ойын.<br>Тәжірибе мен сараптама<br>**«Бұлт неге ұқсайды?»**<br>Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту.<br>Өзіндік іс-әрекет<br>Балалардың бірлескен мықты нәтижелі еңбегіне баға беріп,құптау |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті . | | | | |
| **Түскі ас** | Ас мәзірімен таныстыру.Түзеу дұрыс отыруын қадағалау.Қасықты оң қолға, нанды сол қолға ұстауды үйрету. Тамақ үстінде жан жағына қарамай дұрыс және сөйлемей отыруғызуға үйрету. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | Жалпы жетілдіру жаттығуы:<br>*1* . Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады.<br>*2* . Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму.<br>***3.*** Балалар төсекте жатып, велосипед тебу.<br>***4.***Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу.<br>**5.** Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу. Тәрбиеші: Балалар кәне шеңбер құрайық. Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - | Балалар ұйқыдан оянады. Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық.<br>Ояну жаттығу. Қайырлы күн, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды)<br>Қайырлы күн, құлақтарым!(құлақтарын сипау) Қайырлы күн, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы күн, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы күн, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау) | 1. Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып оң қолымызды сол аяғымызды жоғары көтеріп, түсіреміз. Қол аяғымызды ауыстырып қайталаймыз( 3- 4 рет)<br>Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру ( 2- 4 рет)<br>2. Белсенді нүктелерге массаж жасау. Тымау ауруларын алдын алу.<br>«Ауырма» (Нүктелі массаж) - Тамақ қатты ауырмасын, жөтелмейік, түшкірмейік. Батылырақ уқала мұрын тұсын, маңдайды да уқалауға | ***1.*** Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут) Мысықтар Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқы сұрап миялап жатыр көздерін жұмып мяу мяу мяу. Көзімізді ашып арқаға жатып тырнағымен тырналанып жатыр. Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз мяу мяу мяу. Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз<br>*2* .Майтабанның алдын алу. ( 2 минут) Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру.Орындықта отырып оң | Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, оң аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - Балалар төсекте, арқаға жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ку. Табанды шынықтыру массаждары:<br>*1* .«Балапандар серуенге шықты» шиқ - шиқ - шиқ.<br>**2.** Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>*3.* Ілгекті жолмен жүру. | «Денсаулық» жолымен жүру. Әдемі ирек жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. | ерінбейік Алақанды маңдайға, Саусақтарды айырлап, Құлақтарды уқала сондайда. Суықтан біз қорықпаймыз, Ия, ия, ия. Суықтан біз қорықпаймыз, Қорықпаймыз, ауырмаймыз. Массажды балалар өз бетімен орындайды. | аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстыры табандағы нүктелерге массаж жасау, ( 3- 4 рет)<br>*3* .Демалу жаттығулары Мяууу мяууу мяуууу Фррр фрррр фрррр<br>*4* .Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз | секунд.<br>- Балалар төсекте, ішке жатып, қолдарын жанына қою, аяқтарын көтеріп, велосипед тебу. |
| **Бесін ас** | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | Сюжетті-рольді ойын:<br>**«Тіс дәрігері»**<br>Мақсаты: Медициналық терминдермен танысу, сөздік қорларын молайту, стомотолог дәрігерлерінен қорықпауға үйрету. Тістерін күту, оларды екі мезгіл тазалау шаралары туралы білімдерін кеңейту.<br>Керекті құралдар: жатын кушетка, маска, халат, бас киім, медбике, қолға киетін қолғап (перчаткалар), қысқыштар, пинцет, тісті емдеуге арналған құралдар. | Сюжетті-рольді ойын:<br>**Құрылысшы»**<br>Мақсаты: Балалардың құрылысшы мамандығы туралы білімдерін кеңейту, қызығушылықтарын ояту, ұжымда ойнай білуге дағдыландыру.<br>Керекті құралдар: каскалар, құрылыс саймандары, машинелер, құрылысқа қажетті бөлшектер (текшелер т.с.с), сызба. | Сюжетті-рольді ойын:<br>**«Жүргізуші»**<br>Мақсаты: мамандықтар туралы білімдерін кеңейту, еңбекқорлыққа тірбиелеу, жолда жүру ережелерін біліп сақтауға үйрету.<br>Керекті құралдар: роль, машине, жүргізуші, жолда жүру белгілері, бағдаршам, МАИ қызметкері, жаяу жүргіншілер. | Сюжетті-рольді ойын:<br>**«Хат тасушы»**<br>Мақсаты: Хат тасушы (пошташы) қызметі туралы түсінік беру, бұл мамандықтың қажеттілігін ұғындыру, үлкендердің еңбегін бағалауға баулу.<br>Керекті құралдар: Хат тасушы сөмкесі, хаттар, жеделхаттар, газеттер мен журналдар. | Сюжетті-рөлдік ойын<br>**«Өрт сөндіруші»**<br>Мақсаты: Балаларға ержүрек адамдардың қызметі туралы білім беру, батылдыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құралдар: өрт сөндіру мәшинесі, арнайы киім, каска, қолғап т.б. |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкесс жеке жұмыс** | Түрлі өсімдіктердің өсетін жерлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Сымбат, Жасмин | Қағаздан «оригами» тәсілі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру дағдыларын бекіту. Атагелді, София | Допты екпінмен лақтыру және доп қимылының бағытын сақтап, көз мөлшерін дамыту. Нұразиз, Дәулет | Әртүрлі 2-3 затты (ұзындығы, биіктігі, ені, жуандығы бойынша) өсу және кему ретімен орналастыру дағдыларын жетілдіру. Нұржігіт, Ясмин | Қазақ халқының салттары мен дәстүрлері туралы білімін кеңейту. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| | **Қимылды ойын:** «Аңшы мен қояндар» **Мақсаты**: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. | **Қимылды ойын:** «Суыққойлар» **Мақсаты**: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. | **Қимылды ойын:** «ұстап ал» **Мақсаты:** белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру. | **«Күн мен түн» Мақсаты:** Балаларға күн дегенде олар қолдарын ашып, дөңгелек жасайды,ал түн дегенде,олар ұйықтаған болады. | **«Дауысынан таны» Мақсаты:** Үнтаспадағы жануарлардың даусынан не екенін табады, жануарлардың аттарын атайды. |
| **Серуен** | Серуен кезіндегі күндізгі іс-әрекетін қайталау,толықтыру.Өз еріктері бойынша ойын әрекеті | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата–аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. | Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата – аналарға кеңес:«Бала дамуына қандай ойыншықтар пайдаланған жөн» | Ата аналарға кеңес: Балалар жақсы демалып келсін. | Ата аналарға жаттығу киімдерін беріп жіберу |

Жоспарды тексерген: [қолы]

Scanned by TapScanner